

**«6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған
Мурзинова Айгуль Сериковнаның
«Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік
сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени
құндылықтары негізінде)»
атты диссертациясына отандық кеңесшінің**

ШКІРІ

XXI ғасырда мәдениеттер тоғысында ғұмыр кешіп жатқан адамзат баласы томаға тұйық өмір сүре алмайды. Қазіргі таңда түрлі ұлттар мен ұлыстар арасындағы мәдени байланыс арқылы бір-бірін «тану», білу мүмкіндіктері арта түсті. Өмірімізге дендеп енген жаһандану үдерісіне жұтылып кетпес үшін де әрбір ұлт өз мәдени мұрасы негізінде құндылықтар жүйесін түгендеп, қайта қарауды көздеп отыр.

Осы орайда жұмыстағы тұтас менталдық ойлау ерекшеліктері арқылы зерделенетін ұлттық-мәдени стереотиптерді ғылыми тұрғыдан талдау, түрлі мәдениет өкілдерінің ұлттық болмысын тану үшін маңызды болмақ.

Құндылықтар жүйесі – ұлттың үздіксіз тарихи сабақтастығының жемісі мен жеңісі деуге болады. Әр халықтың тіліндегі аксиологиялық дүние бейнесі ұлттың жадында қатталған таптаурындар арқылы өзіндік даралық сипатқа ие. Сондықтан түрлі мәдениет өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) ғалам бейнесін өзінше тану негізінде жатқан ұлттық-мәдени құндылықтарын аксиологемалық стереотиптер арқылы сипаттап, жүйелеп, феномен ретінде көрсету жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Диссертант зерттеуінің алғашқы тарауында алдымен «ұлттық-мәдени стереотиптерді дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзіктерін айшықтайтын құрал екендігін көрсете отырып, жинаған тілдік деректерінің негізінде жіктеп, топтастырып алады. Оларды зерттеудің теориялық-әдіснамалық алғышарттарын жасайды.

Аксиологемалық стереотиптердің ерекшелігін айқындаған II тарауында нақты талдаулар жүргізеді; ұлттық-мәдени стереотиптердің тілдік, мәдени, танымдық, аксиологиялық, коммуникативтік сипаттарын анықтау арқылы құрылымдық қабаттарын зерттейді.

Мысалы, аксиологемалық стереотиптердің тұтас жиынтық бейнесін түзу үшін оларды бес құрылымдық қабатта, яғни хремотоним мен түсінікті немесе скриптотоним мен түсінікті байланыстыратын тұрақты тілдік таңбалар бейнесі; тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін ұлттық-мәдени код; тұрақты тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени фреймдер туралы аялық білім; тұрақты тілдік таңбалар семантикасы; тұрақты тілдік таңбалардың аксиологиялық мәндері аясында қарастырады. Аталмыш стереотиптердің семантикалық мәні жағымды, жағымсыз этикалық, эстетикалық, утилитарлық, зияткерлік, психологиялық және т.б. бағалау категориялары арқылы ашылатындығын көрсетеді.

Белгілі бір ұлтқа тән сөйлеу әдебі мен мәдениеті, білім қорында жинақталған салт-дәстүр, әлеуметтік мәртебесі, діни көзқарасы, яғни ұлттың тұтас менталдық ойлау ерекшеліктерінен көрінеді дедік. Осы ретте зерттеушінің дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзіктерін айшықтайтын аксиологемалық стереотиптерді *Хрематоимді*, *«Баспана, үй»*, *«Тұрмыстық зат»*, *«Вестонимдік»*, *«Гастронимдік»*, *«Музыкалық аспап»*, *Скриптонимді*, *«Салт-дәстүр»*, *«Діни»*, *«Мереке»*, *«Ойын»* ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптер деп жіктей отырып, өзі қарастырып отырған тілдердегі түрлі мәдениет өкілдерінің концептуалды дүние бейнесінің негізінде жатқан ұлттық-мәдени құндылықтарды жүйелі талдаған ізденісінің нәтижелерін жоғары деуге болады.

Сондай-ақ аксиологемалық стереотиптердің вербалды коммуникациядағы бейнелену уәжін қарастыруы да тілдік қатысым теориясында мәні зор деп ойлаймыз.

Сонымен, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің өзіндік бірегейлігін анықтау мақсатында жазылған, отандық тіл білімінде алғаш рет ұлттық-мәдени стереотиптерді аксиологиялық феномен ретінде зерттеген жұмыстың кез келген ұлт үшін рухани болмыстың кілті болып саналатын ұлттық кодты сақтауда ғылыми мәні зор деуге болады.

Зерттеу негізінде жарық көрген мақалалары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына сай келеді. Жұмыстың құрылымы, мазмұны, тілі, қажетті әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі, берілген қосымшасы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.

Ізденуші Мурзинова Айгуль Сериковнаның «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми ой-тұжырымдар маңызды саналады әрі отандық лингвоаксиологиялық, лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосады. Зерттеуді ғылыми пәндік аппараты бір ізге түсірілген, ішкі логикалық тұтастыққа ие, толық аяқталған жұмыс деуге болады.

Осы аталғандарды ескере отырып, Мурзинова Айгуль Сериковнаның «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» атты диссертациялық еңбегі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дың профессоры,

филология ғылымдарының докторы *А.О. Тымболова* **Тымболова А.О.**

